

**Бөрлі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі № 2-3 "Бөрлі ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 тамыздағы № 7-10 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 13 қыркүйекте № 4550 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 ақпандағы № 47-5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 13.02.2020 № 47-5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі туралы" Заңына сәйкес Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бөрлі аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі №2-3 "Бөрлі ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4398 тіркелген, 2016 жылғы 19 мамырдағы "Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспе бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібі туралы" Заңына сәйкес Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:"**;

көрсетілген шешімнің қосымшасында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар өткізу бойынша қосымша реттелген тәртібі "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар

ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленіп, Бөрлі ауданында жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізу тәртібін қосымша реттейді."

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Б.Мукашева) осы шешімнің әділет органдарына мемлекеттік тіркелуін, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы  
Мәслихат хатшысының  
міндетін атқарушысы*

*К.Султанова  
М.Изтелеуов*